

**ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ
НАУҚАСТАРДАН АНАМНЕЗ
ЖИНАУ**



СҰРАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ (АНАМНЕЗІН ЖИНАУ)

Анамнезін жинағанда келесі мәліметтерді анықтау керек:

1. **Паспорттық мәліметтер.** Науқас туралы жалпы мағлұмат алу керек.
2. **Науқастың шағымдары.** Әйелдің дәрігерге қаралу себебін анықтау.
3. **Тұқым қуалаушылық аурулары.**
4. **Басынан өткізген аурулары.** Басынан өткізген балалар инфекциясы, экстрагениалды және гинекологиялық ауруларды сұраған кезде олардың пайдаболу уақытына, ағымының ұзақтығына аурудың мүмкін болатын рецидивтеріне, олардың жыныс мүшелерінің қызметіне, стационар және емханадағы емдік шаралардың ерекшеліктеріне көңіл аудару керек. Сонымен қатар, хирургиялық операциялар болды ма, болса операцияның сипаты анықталады.
5. **Жыныс мүшесінің қызметі:** етеккір, жыныстық, репродуктивті, секреторлы қызметі.
6. **Анатомиялық және функционалды қатынаста жыныс мүшелерімен байланысты мүшелердің қызметі.**



ЖАСЫ

Көптеген гинекологиялық аурулар белгілі бір жас шамасына тән болады. Балалық шақта (8 жасқа дейін) вульвовагиниттер жиі дамиды. Жыныстық жетілу кезеңінде етеккір қызметінің қалыптасуынын бұзылыстарымен, соның ішінде ювенильді қан кетулер. Жыныстық жетілген шақта ішкі жыныс мүшелерінің қабыну аурулары жиі байқалады. Қартайған шақта жиі жыныс мүшелерінің төмен түсуі және түсіп кетуі жиі кездеседі.



ЕҢБЕК ЖӘНЕ ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫ.

Мамандығы, еңбек және тұрмыс жағдайы нақты зерттеуді қажет етеді, себебі олар кейбір аурулардың себебі болуы мүмкін және рецидивтерінің дамуына бейімдеуі мүмкін. Науқастың жұмысының сипаты, оның зияндылықтары (вибрация, өндірістен шаң, ауыр көтеру, әртүрлі химиялық зияндылықтар, салқын тию, ысу, ионизациялаушы сәулелер және т.б.), түнгі уақытта жұмыс істеу, өндірістегі –санитарлы-гигиеналық жағдайының сипаты толығынан зерттеледі.



ТАМАҚТАНУУ

Балалық шағында алған құнарлы тамақтану жасөспірім қыздардың дұрыс дамуына, етеккірдің уақытында келуіне, әрі қарай репродуктивті қызметінің қалыпты болуына әсер етеді. Артық тамақтану және тамақты қабылдауды шектеу әйел организмнің арнамалы қызметтеріне теріс әсер етеді. Сұрастырған кезде сонымен қатар, зиянды әдеттері (маскүнемдік, темекі шегу, наркомания және т.б.), кейбір дәрілік заттарды көтере алмаушылығы (аллергиялық реакция) туралы мәліметтер жинау керек. Гинекологиялық аурулардың негізгі шағымдары: қан кету, ауырсыну, бөліністер, репродуктивті жыныстық қатынас кезінде қан кету, жыныстық қатынастың қиындауы немесе мүмкін еместігі.




РЕПРОДУКТИВТІ ҚЫЗМЕТІ

Әйелдердің репродуктивті қызметін сипаттау гинекологиялық ауруларды анықтауда маңызды болады. Әуелі жыныс өмірді бастағаннан кейін қанша уақыттан кейін бірінші жүктілік пайда болғандығын анықтайды. Жыныс мүшелерінің дұрыс жетілмеуінде алғашқы жүктілік бірнеше жыл өткеннен кейін болады. Содан кейін жүктілік санын, ағымын және нәтижесін білу керек.



СЕКРЕТОРЛЫ ҚЫЗМЕТІ

Бұл қызметі әйел жыныс мүшелері жағдайының маңызды көрсеткіші болып табылады. Дені сау әйелдерде жыныс мүшелерінің әртүрлі мүшелерімен секрет бөлінеді және ол кілегей қабаттарын физиологиялық ылғандырып тұрады. Көптеген гинекологиялық ауруларда секретин сандық немесе сапалық өзгерістері болады. Патологиялық бөліністер гинекологиялық аурулардың симптомы және жыныс мүшесімен тікелей байланысты емес патологиялық процестің көрінісі болуы мүмкін. Бөліністер жыныс мүшелерінің әртүрлі бөлімдерінің патологиясымен байланысты болуы мүмкін: сыртқы жыныс мүшелері, қынап, жатыр мойны және денесі, жатыр түтіктерімен. Осыған байланысты **вестибулярлы , қынаптың, жатыр мойнының, жатырлық және түтіктік бөліністері** ажыратылады.



ВЕСТИБУЛЯРЛЫ БӨЛІНІСТЕР

Сыртқы жыныс мүшелерінің немесе қынаптың кіреберісінің үлкен бездерінің қабыну нәтижесінде болады. Кейде олар жыныс жүйесінің жоғарғы бөлімдерінің қабыну ауруларында да байқалады, қабыну процесі вульвада екіншілік пайда болады.



ҚЫНАПТЫҚ БӨЛІНІСТЕР

Ең жиі таралған. Қынаптық секрециясының жоғарлауы жергілікті инфекцияда, құрт инвазиясында (балалық шақта), қынаптық бөгде денесінде, қуық-жыныс және ішек-жыныстық жыланкөз пайда болғанда, экстрагенитальды ауруларда (диабет, жүрек-тамыр патологиясы және т.б.) болуы мүмкін.

Қынаптық бөліністерін зерттеу үшін бактериологиялық және культуралдік әдістерді қолданады.



ЖАТЫР МОЙНЫНЫҢ БӨЛІНІСТЕРІ

Жиілігі бойынша екінші орын алады. Жатыр мойнының бөліністерінің пайда болуына қабыну процестерінің , жатыр мойнының жыртылуының, ісіктердің, жатыр мойны өзегінің кілегей қабатының полиптерінің маңызы бар. Жатыр мойны бөліністері кілегей-іріңді болады.



ЖАТЫРЛЫҚ БӨЛІНІСТЕР

Себептері:

Жедел эндометритте

Жатырдың кілегей астының миомасында

Жатырдың кілегей қабатының полиптерінде

Қатерлі ісіктерде

~~Әдетте жатырлық бөліністер сұйық кейде ірің аралас немесе қан араласболуы мүмкін.~~

ТҮТІКТІК БӨЛІНІСТЕР

Сирек кездеседі көбінесе жатыр түтігінде жинақталған сұйықтықтың кезеңді түрде ағуы нәтижесінде болады. Мұндай ағу жатыр түтігінің біріншілік рак ауруында немесе профлюерлеуші гидромальпинкте туындауы мүмкін.

